

Нуркенова Г.К.

докторант, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
E-mail: gulnur24.10.84@mail.ru , Қазақстан, Қарағанды қ.

Маженова Р.Б.

п.ғ.к., қауым.проф., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
МДжППД кафедрасы Қазақстан, Қарағанды қ. E-mail: argosha2005@mail.ru

## БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗЫРҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУГА ӘСЕРІ

Аннотация: Мақалада қазыргы технологиялардың болашақ педагогтарды даярлауға әсер етуінің өзекті мәселелері мен перспективалары қарастырылған. Бүгінгі таңдағы қазыргы технологиялардың жүзеге асырылуының жағдайын анықтауға бағытталған болашақ педагогтар арасында сауалнама жүргізілген сауалнаманың нәтижелері берілді. Сондай-ақ, қазыргы технологиялардың болашақ педагогтарды даярлау процесіне әсері қарастырылған.

Түйінді сөздер: болашақ педагогтарды даярлау процесі, білім беру процесі, қазыргы технологиялар, білім берудегі цифрлық технологиялар, сауалнама.

Аннотация: В статье рассмотрены актуальные проблемы и перспективы влияния современных технологий на подготовку будущих педагогов. Были приведены результаты анкетирования, проведенного среди будущих педагогов, направленного на выявление состояния реализации современных технологий на сегодняшний день. Также проанализировано влияние современных технологий на процесс подготовки будущих педагогов.

Ключевые слова: процесс подготовки будущих педагогов, образовательный процесс, современные технологии, цифровые технологии в образовании, анкетирование.

Annotation: The article discusses the current problems and prospects of the influence of modern technologies on the training of future teachers. The results of a survey conducted among future teachers aimed at identifying the state of implementation of modern technologies today were presented. The influence of modern technologies on the process of training future teachers is also analyzed.


Keywords: the process of training future teachers, educational process, modern technologies, digital technologies in education, questionnaire.

Қазіргі уақытта дамыған ақпараттық қоғамда адам өмірінің барлық салалары жаңғыртылуда, қазыргы технологиялар барлық салаға кеңінен енгізілуде, бұл әсіресе білім беру саласында байқалады [1:16]. Білім берудегі қазыргы технологиялар деп біздің зерттеуімізде цифрлық технологияларды түсінеміз. Білім берудегі цифрлық технологиялар оқыту әдістемесін сапалы өзгертуге, сондай-ақ оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара іс-әрекетті жеңілдетуге бағытталған, бұл оқу процесінің сапасын арттыруға және оқыту үшін жаңа мүмкіндіктер тугызуга тиіс [2:106]. Бүгінгі таңда жоғарғы мектептің оқу процесінде қазыргы технологиялардың жүзеге асырылу жағдайын болашақ педагогтардан сауалнама алу арқылы анықтап көрдік. Сауалнамаға педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының білім алушылары қатысты. Откізілген сауалнаманың нәтижесі жоғары оқу орындарында студенттердің пікірі негізінде шығарылды. Сауалнамаға қатысқан болашақ педагогтардың пікірі бойынша өздері білім алып жатқан жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып жатқан цифрлық технологиялардың пайыздық қатынасы келесідей болды, яғни студенттердің 46,4% аралас оқу (онлайн+офлайн) нысандарының жүзеге асырылып жатқандығын; 27,3% онлайн курстардың бар екенін; 13,6% электрондық (цифрлық) кітапханалармен қамтамасыз етілгендігін; оқу платформаларын мен ақпараттық жүйелермен қолданатындықтарын 30% көрсетсе, ал қалған 60,9% дербес кабинет арқылы жұмыс жасайтындықтарын белгілеген.



1-сурет. Білім беру үдерісіндегі қазыргы технологиялардың жүзеге асырылу жағдайы (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Қазыргы технологиялардың болашақ педагоғтарды даярлау процесіне әсерін анықтау бойынша келесідей нәтиже алынды: сауалнамаға қатысқандардың 44,5% заманауи бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуда қажетті дағдыларды алуға мүмкіндік тудырады деген ой пікірде болды, 32,7% қазыргы технологиялар оқу іс-әрекетіне қызығушылық пен мотивацияны арттырады деген жауап нұсқасын таңдады, 27,3% оқуды жеңіл, қолжетімді етеді деген пікірді ұстанды, 44,5% оқу материалын 24/7 танысып оқуға мүмкіндіктің болуы десе, ал 42,7% оқу мен дайындыққа кететін уақытты үнемдейді деген жауап нұсқаларын таңдаған.



2 - сурет. Қазыргы технологиялардың болашақ педагоғтарды даярлау процесіне әсері (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Сондай ақ педагоғикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан студенттердің көзқарасы бойынша қазыргы технологиялардың ішінен жоғары мектептің аса қажетті атрибутына келесілер енуі тиіс: сандық кампустар - 7,3%, студенттің электрондық портфолиосы - 19,1%, аралас оқыту формалары (онлайн + офлайн) - 25,5%, онлайн курстар - 21,8%, қашықтықтан оқыту - 60,9%, сандық кітапхана - 23,6%, жоғары оқу орны сайтындағы электрондық кесте - 20%, электронды оқулықтар мен оқу құралдары - 26,4%, студенттің жеке кабинеті - 37,3%.



3 - сурет. Студентердің пікірі бойынша жоғары мектептің аса қажетті атрибутына енуі тиіс қазыргы технологиялар (Дереккөз: құрастырушы авторлардың өзі)

Сонымен жүргізілген сауалнамадан алған нәтижеден біз қазыргы технологиялар болашақ педагогтарды даярлау процесіне әсері мол деген қорытынды жасасақ болады. Себебі қоғам дамуының талабы цифрландыру болғандықтан, бүгінде білім алушылар өз білімдерін жетілдіруде электрондық кітапхаларды және онлайн курстарды және т.б. пайдалануды жөн көретіндіктерін байқатты. Оны олар уақыт тиімділігімен және білім алудың қол жетімділігімен байланыстырды. Ендеше бүгін де бәсекеге қабілетті болашақ педагогты даярлауда қазыргы технологиялардың жүзеге асырылуының әсері мол.

#### Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Архипова А. И. Виртуальный кластер педагогических инноваций как современная телекоммуникационная система [Текст] // Проблемы современного педагогического образования. – 2019. – № 48. – С. 16.
2. О. Н. Томюк, М.А. Дьячкова, Н. Б. Кириллова, А.Ю. Дудчик. Цифровизация образовательной среды как фактор личностного и профессионального самоопределения обучающихся [Текст] // Перспективы науки и образования. - 2019. - № 6(42). С. 422.

УДК 376  
МРНТИ 14.29.01

А.Т. Nurseit, G.B. Beisenbekova, Jan Danek  
 doctoral student, Buketov Karaganda University, (Kazakhstan, Karaganda), e-mail: aidana.nurseit@mail.ru  
 associate professor, Buketov Karaganda University, (Kazakhstan, Karaganda), e-mail:  
 gulmira.beysenbekova@mail.ru  
 professor, PhD, Comenius University in Bratislava, (Bratislava, Slovakia)  
 jan.danek@ucm.sk

#### FORMATION OF PERSONAL QUALITIES OF STUDENTS IN INCLUSIVE EDUCATION

**Abstract.** This article discusses the ways and methods of formation of personal qualities of students in inclusive education. The problem of rethinking, reassessing and affirming new values is now more acute than ever. Teachers are tasked with training not only well-educated, but also highly moral people. At the present stage, the school is the public institution that is designed to influence the formation of a system of values in the souls and minds of citizens of the country, the development of the qualities of the child's personality. Personality formation is the process of development and formation of personality under the influence of external influences of upbringing, training, social environment; purposeful development of personality or any of its sides, qualities under the influence of education and training; the process of becoming a person as a subject and object of social relations.